

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 225 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 563 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.05.2014 № 563 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 36, 364-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді белгілеу ережесінде:

7-тармақтың б) тармақшасындағы "кернеуі 220 кВ және одан жоғары таратушы қосалқы электр станциялары, энергия жүйелерін басқарудың орталық диспетчерлік пункттері," деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерінің тізбесінде:

"Ерекше маңызы бар мемлекеттік объектілер" деген 1-бөлімде:

"Кернеуі 220 кВ және одан жоғары таратушы қосалқы электр станциялары, энергия жүйелерін басқарудың орталық диспетчерлік пункттері, гидротехникалық құрылғылар, су қоймаларының жинағыштары" деген 4-бөлімшеде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Гидротехникалық құрылғылар, су қоймаларының жинағыштары"; реттік нөмірлері 2, 3, 8, 9, 16, 17, 18, 21, 22, 25, 26, 34, 35, 36, 37, 56, 57, 70, 93, 94, 95, 96, 102, 103, 104, 106, 107, 108, 112, 113, 116, 120, 121 жолдар алынып тасталсын;

"Барлығы 43 объект" деген жолдағы "43 объект" деген сөздер "10 объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Тізбеге кестеде:

"Ерекше маңызы бар мемлекеттік объектілер" деген 1-бөлімде:

реттік нөмірі 4 - жолда :

"Бөлім" деген бағанда "Кернеуі 220 кВ және одан жоғары таратушы қосалқы электр станциялары, энергия жүйелерін басқарудың орталық диспетчерлік пункттері," деген сөздер алынып тасталсын;

"саны" деген бағандағы "43" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын ;

"өзге де" деген бағандағы "36" деген сандар "3" деген санмен ауыстырылсын;

"Жиынтығы" деген жолда :

"саны" деген бағандағы "985" деген сандар "952" деген сандармен ауыстырылсын ;

"өзге де" деген бағандағы "99" деген сандар "66" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Тізбе бойынша барлығы" деген жолда:

"саны" деген бағандағы "1250" деген сандар "1217" деген сандармен ауыстырылсын ;

"өзге де" деген бағандағы "240" деген сандар "207" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі